

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Wi-Fi роутер – желілік шоғырсыммен қосылған компьютерлер, теледидарлар және т.б. арасында немесе Wi-Fi арқылы қосылған смартфондар, планшеттер мен ноутбуктер арасында интернет тарататын құрылғы.

Екі диапазонды роутер – екі Wi-Fi желісін тарата отырып, роутердің жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік беретін әдепкі роутер: біріншісін 2,4 ГГц жиілікте, екіншісін – 5 ГГц жиілікте таратады.

Wi-Fi-роутерді қайта жүктеу – роутерді өшіріп, қосу процесі. Қайта жүктеу дұрыс жасалуы үшін, роутерді электр көзінен ажыратып, 2 минуттан соң қайта қосу, содан кейін интернетке қосылу мүмкіндігін тексеру керек.

Wi-Fi роутерді жалға алу – ай сайын төлей отырып, Wi-Fi роутерді қолдану мүмкіндігі. Жалдау ақысы төленбесе, интернетке қосылу мүмкіндігі тоқтайды, ал үйдегі интернет қажет болмаса, роутерді компанияға қайтару керек.

Роутердегі индикаторлар – қолжетімділігі мен түсі (жанып тұр/өшіп тұр/жыпылықтап тұр/көк/жасыл/қызыл) интернетке қосылу мүмкіндігі бар/жоқ екенін немесе дұрыс істемей тұрғанын білдіретін шамдар.

Роутерлердің жасақтамасы/БЖ – роутер өз функцияларын орындайтын бағдарламалық жасақтама. Жасақтама қызметті қоспас бұрын өндіруші зауытта немесе интернет-провайдерде роутердің жадына жазылады. Роутердің үлгісі және жасақтаманың зауыттық нұсқасы роутердің төменгі жағындағы затбелгіде жазылады.

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

«Үйдегі интернет TV» – жаңа буын онлайн-телевизиясы, ол танымал телеарналарды, жаңа кинолар мен сүйікті фильмдерді бір ыңғайлы қосымшада көруге мүмкіндік береді. Толық ақпарат [сілтемеде](#) («Үйдегі интернет TV» кіріктірмесі).

ТВ-жалғама – кез келген теледидарды үй кинотеатрына айналдыратын құрылғы. Теледидарының үлгісі қосымшаны қолдамайтын клиенттер пайдаланады. Қазақстанның «Үйдегі интернетті» қосуға техникалық мүмкіндік бар кез келген қалада жалғаманы дербес қосуға болады.

ТВ-жалғама жасақтамасы – жалғамаға жазылған бағдарламалық жасақтама (Б/Ж). Телевизия жалғамасын бірінші рет қосқанда немесе қолдану барысында интернет-провайдер бағдарламалық жасақтаманы жаңартуы мүмкін. БЖ-ны жаңарту процесі бірнеше минут алады. Жаңа нұсқа толық орнатылмай тұрып, құрылғыны желіден ажыратпаңыз.

HDMI-шоғырсым – роутерді ТВ-жалғамамен қосуға арналған шоғырсым.

Коннектор – сигнал жіберуге қажет контактілері бар, әдетте тікбұрышты пішінді шағын қосқыш элемент. Мұндай қосқыш екі құрылғы – роутер мен «Үйдегі Интернет» шоғырсымы арасында сигнал жібере алады

«Үйдегі интернет» шоғырсымы – сұр немесе ақ түсті интернет-шоғырсым, ол кіреберістен немесе үйдің шатырынан пәтерге тартылады

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Патчкорд – роутер мен дербес компьютерді (ДК) немесе роутер мен теледидарды жалғайтын аралық шоғырсым, әдетте роутермен немесе ТВ-жалғамамен бірге беріледі. Wi-Fi желісімен салыстырғанда, интернетке орнықты қосылуды қамтамасыз етеді.

Үйдегі жабдық – «Үйдегі интернет» жабдығы, ол интернетке қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Кіреберісте немесе үйдің шатырына орналастырылады.

Клиенттің жабдығы – үйдегі интернетті қолдану үшін қосылатын, роутер (егер клиент оны өзі сатып алса), ДК, ноутбук, планшет, смартфон тәрізді және басқа құрылғылар.

Порт (ұяшық) – Wi-Fi роутердегі немесе үй жабдығындағы, көшеден немесе кіреберістен (үйдегі жабдықтан клиенттің роутеріне) келген шоғырсым қосылатын ұяшық.

Интернетке VPN арқылы қосылу – шоғырсыммен ДК/ноутбукке тікелей (роутерсіз) қосылғанда бапталуы тиіс интернет-байланыс. VPN-ді баптаған соң, «Үйдегі интернет» логині мен кілт сөзін жазып, «Қосу» пернесін басу керек.

Жаппай ақау – «Үйдегі интернеттің» бүкіл үйде, ауданда, қалада, тіпті бүкіл елде істемей қалуы немесе сапасының нашарлауы.

Шұғыл жұмыс – жоспарланбаған, шұғыл техникалық жұмыс. Мәселе анықталғанда, жабдықтың жұмысын жолға қойып, «Үйдегі интернетке» немесе «Үйдегі интернет TV-ге» орнықты қосылуды қамтамасыз ету үшін, бірден жасалады.

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Шарттың нөмірі (дербес шот) – оператордың жүйесіндегі есепке алу нөмірі, логин, ол көрсетілген қызмет көлемін, жасасқан шарт бойынша төлем есебіне абонент салған ақша қаражатының түсімі мен шығынын есептеуге арналған. 001 немесе 099 сандарынан басталады.

Есепті кезең – қызмет үшін ақша қаражаты алынатын кезең. «Үйдегі интернетте» төлем әр айдың 1-і күні алынады.

«Статикалық IP-мекенжай» қызметі – интернеттегі тұрақты IP-мекенжай. Ол «Үйдегі интернет» логиніне тіркеледі. Толық ақпарат [сілтемеде](#).

«Ерікті бұғаттау» қызметі – интернетті қолдану мүмкіндігін тиісті кезеңге бұғаттай тұруға мүмкіндік беретін қызмет, мысалы, клиент ұзақ уақытқа бір жаққа кетіп, «Үйдегі интернетті» қолданбайтын болса. Толық ақпарат [сілтемеде](#).

«Көшу» қызметі «Үйдегі интернет» қызметіне қосылған клиенттерге арналған, ол бір қаланың ішінде мекенжайды өзгертуге мүмкіндік береді. Толық ақпарат [сілтемеде](#).

Үйдегі сымсыз интернет – үйдегі интернеттің жаңа технологиясы, оған сым керек емес. Онда сигнал өтетін арнаулы арналар қолданылады. Арнаулы арна тек сымсыз орнықты интернет қызметін қолданушыларына ғана қолжетімді болады, соны қосқан соң оларда интернет-байланыс жылдамдығы жоғары болады.

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

«Үйдегі Интернет» тариф жоспары – белгілі бір сомаға жылдамдығы, гигабайттар және/немесе минуттар саны бекітілген, егер олар қосылған болса, үйдегі шексіз интернет. Тариф жоспары кез келген логинде/нөмірде міндетті түрде болады. Тариф жоспарын мүлдем өшіріп тастау мүмкін емес.

Архивтік тариф жоспар – клиенттер қоса алмайтын, өзектілігі жойылған тариф жоспары.

«Үйдегі интернет» байланысының жылдамдығы – интернетке қосылу жылдамдығы, ол таңдалған тариф жоспарының шарттарымен анықталады.

«Үйдегі интернет» байланысының үзілуі -- интернет-сессияның жиі үзіле беруі. Мысалы, «Үйдегі интернет» қызметін қолдану барысында екі сағат сайын және одан аз уақытта Wi-Fi желісі жоғалып кете береді. Мұндай жағдайды шешу үшін не істеу керегі «ТОП сұрақтар» бөлімінде жазылған.

Техник – «Үйдегі интернетті» қосатын маман (шоғырсымды тартады, интернет байланысын баптайды), сондай-ақ шоғырсымдағы немесе үйдегі жабдықтағы мәселені шешуге келеді.

«Үйдегі Интернет» құпия сөзі – клиенттің тіркелу деректерінің бірі, логинмен қатар қолданылады, үйдегі интернетке қосылу үшін оны роутер баптауларына немесе VPN-байланысқа міндетті түрде жазу керек.

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Виртуальды көмекші –Call-орталығының онлайн-кеңесшісі, оған beeline.kz сайтында (беттің оң жақ төменгі бұрышында), «Менің Beeline-ым» қосымшасында (онлайн-чат) немесе 3131 нөміріне қоңырау шалу арқылы жүгінуге болады.

Байланыс нөмірі – шарт жасасқан кезде клиент көрсететін және компания мен клиент арасындағы өзара байланыс жүретін (төлем, өзгерістер мен жаңалықтар туралы хабарлама келетін) нөмір. Байланыс «Үйдегі интернеттің» Жеке кабинетінен немесе call-орталығынан білуге және өзгертуге болады.

«Менің Beeline-ым» – логин, тариф және теңгерім туралы ақпаратты білуге, «Статикалық IP-мекенжай» қызметін қосуға, теңгерімді толтыруға және т.б. жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қосымша. Қосымша туралы толық ақпарат [сілтемеде](#).

«Менің Beeline-ымда» авторизациядан өту – қосымшаға «Үйдегі интернет» логинімен немесе роутердегі нөмірмен, байланыс нөмірімен (үйдегі сымсыз интернетті қолданушылар үшін) кіру.

Сервистік өтініш – техник барып, шоғырсымдағы немесе үйдегі жабдықтағы ақауды жөндеуі үшін, call-орталығының маманы толтыратын өтініш.

Техникалық бөлімге берілетін өтініш – ақауды қашықтан анықтау үшін немесе баптауларды телефон арқылы жасау үшін техникалық қызметке берілген өтініш.

«ҮЙДЕГІ ИНТЕРНЕТ» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Шартты үзу – үйдегі интернет пен телевизия қызметінен бас тарту. Қызметті өшіруді және қызметті қосқан кезде жалға алынған жабдықты қайтаруды білдіреді.

Қызметті өшіру – үйдегі интернет пен телевизия қызметінен бас тарту. Шартты үзуді және қызметті қосқан кезде жалға алынған жабдықты қайтаруды білдіреді. Жалға алынған жабдықты (роутер, ТВ-жалғама, пульт, тоқ блогы, HDMI шоғырсымы, RCA шоғырсымы) қайтару үшін, төмендегі жолдардың бірін пайдалануға болады:

- Сайтта өтініш беру. Ол үшін [сілтемемен](#) өтіп, тиісті жолдарды толтырыңыз да, техник келетін күн уақытты келісетін маманның қоңырауын күтіңіз
- [Beeline-ның сату және қызмет көрсету кеңсесіне](#) жүгіну.

Ала келуіңіз керек:

1) қосқан кезде жалға алынған құрылғының толық жиынтығын (жиынтық толық болмаса немесе құрылғы жиынтықтарының бірі бүлінсе, құны құрылғыны ұсыну шартындағы прайс-параққа сәйкес бағаланады, 4.4-тармақ);

2) жеке куәліктің түпнұсқасын.

Сондай-ақ «Үйдегі интернет» қызметінің логині мен шарт тіркелген мекенжайыңызды айту керек болады.

- Егерқалаңызда «Үйдегі интернеттің» сату және қызмет көрсету кеңсесі жоқ болса, Клиенттерді қолдау орталығына 3131 нөмірі арқылы қоңырау шалу керек (Қазақстандағы кез келген мобильді нөмірден тегін) немесе әлеуметтік желілердегі Beeline Қазақстанның ресми парақтарында жазу қажет (барлық жолы «Біздің контактілер» бөлімінде көрсетілген).